

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 13 – 17 сәуір



2026 жылғы 13 – 17 сәуір

Аптаның негізгі тақырыптары

01



АҚШ нарығы геосаяси
күйзелісті консенсус
күткеннен тезірек ақтады

02



Компаниялардың табысы
нарықтың пайдасына басты
іргелі дәлел болып қала
береді

03



Жаңа аптаның басында
нарық сақтық танытып
отыр

Өткен апта нарықтың «қорқыныш» сценарийінен «күтулерді қайта құрастыру» сценарийіне қаншалықты жылдам ауыса алатынын көрсетті. Таяу Шығыстағы қақтығысқа байланысты бірнеше аптаға созылған қысымнан кейін, инвесторлар бағаға енгізілген ең қатаң сценарийлерді белсенді түрде қайта қарастыра бастады: ұзаққа созылатын энергетикалық шок тәуекелі төмендеді, мұнай бағасы түзетілді, сонымен қатар инфляциялық күтулерге қысым да әлсіреді.

Осы аяда S&P 500 индексі апта ішінде 3,5%-ға, ал NASDAQ 5,5%-ға өсті. Жоғары технологиялық компаниялар индексі 1992 жылдан бергі ең ұзақ өсім сериясын көрсетіп, қатарынан 13 сессия бойы оң аймақта жабылды. Маңыздысы — бұл тек «мегакәптер» раллиі болған жоқ: капиталдандырылуы шағын компаниялар индексі Russell 2000 да жаңа максимумға жетіп, апта ішінде 5,6%-ға өсті. Яғни нарық тар техникалық серпіліс емес, тәуекел активтеріне деген қызығушылықтың кең ауқымды қалпына келуін көрсетті.

Қосымша қолдау ретінде АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 4,24%-ға дейін төмендеді, бұл өсу акцияларына сұранысты күшейтіп, назарды геосаясаттан қайтадан корпоративтік нәтижелер мен пайда траекториясына аударуға ықпал етті.

Негізгі индекстер			
Атауы	1-апта	1-ай	YTD
KASE	2,37%	1,72%	12,45%
S&P 500	3,48%	9,52%	4,10%
Nasdaq	5,54%	13,03%	5,28%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	5,08%	11,61%	5,63%
Dow Jones	2,55%	8,49%	2,88%
Борыштық нарық			
АҚШ 10 жылдық	-0,79%	-2,94%	2,65%
АҚШ 30 жылдық	-0,14%	-1,35%	1,30%
Валюталық индекс			
USD индексі	-0,18%	-1,46%	-0,13%
Тауарлар			
Алтын	1,28%	4,74%	10,08%
Күміс	5,12%	14,18%	12,66%
Brent маркалы мұнай	-4,69%	-11,00%	55,63%
Криптовалюта			
BTC/USD	1,03%	9,19%	-14,23%

Компаниялардың табысы нарықтың пайдасына негізгі іргелі дәлел болып қала береді

Тіпті күрделене түскен макроэкономикалық жағдай аясында да *2026 жылға* арналған пайдаға қатысты күту нашарлап жатқан жоқ, керісінше жоғары қарай қайта қаралуда. Бұл – әдеттегі маусымдық динамикадан маңызды ауытқу: соңғы *15 жылда* орта есеппен қаңтар айынан сәуір айына дейін талдаушылар EPS бойынша болжамдарын шамамен *2%-ға* төмендететін болса, биыл бағалау *4%-ға* өсті.

Негізгі үлес тағы да технологиялық секторға тиесілі: болжамдардың өсуінің *84%-ын* дәл осы сектор қамтамасыз етті әрі ол нарықтағы күтілетін пайда өсімінің шамамен *67%-ын* құрайды. Жеке атап өтерлік компания — *Nvidia*, ол осы өсімнің шамамен *21%-ын* қалыптастырып отыр. Басқаша айтқанда, индекстердің қазіргі тұрақтылығы тек қорқыныш деңгейінің төмендеуіне ғана емес, сонымен қатар инвесторлардың жасанды интеллект инфрақұрылымына жұмсалатын шығын циклі ірі компаниялардың табысы мен маржасын тіпті әркелкі экономикалық ортада да қолдайтынына деген сеніміне негізделген.

Оценки стоимости крупных технологических компаний остаются ниже долгосрочного среднего уровня.

«Великолепная семерка» без учета прогнозного коэффициента P/E Tesla на 12 месяцев вперед.



Жаңа аптаның басында мұнай бағасы қайта көтерілгендіктен, нарық сақтық танытып отыр

Жаңа аптаның басында нарық **толық қалыпқа келу сценарийін бағаға тым жылдам енгізіп қойғаны** байқалды. Демалыс күндері және дүйсенбіде Ормуз бұғазы маңындағы жағдай қайта күрделі түсті: коммерциялық тасымал іс жүзінде қайта тоқтады, ал АҚШ-тың Иран кемесін басып алғаннан кейін атысты тоқтату және ықтимал деэскалацияға қатысты белгісіздік айтарлықтай артты.


Осының аясында мұнай бағасы қайта өсті (бір сәтте Brent маркалы мұнайдың спот бағасы барреліне \$98-ге дейін жетті), өйткені нарық жеткізу мен теңіз тасымалындағы нақты физикалық іркілістердің әлі де шынайы қауіп екенін, тек қысқамерзімді ақпараттық шу емес екенін түсінді.

Бұл инвесторлар үшін маңызды сигнал: өткен аптадағы мұнай бағасының төмендеуі акцияларды қолдағанымен, жаңа жоғарыға бұрылыс геосаяси тәуекел сыйақысы бағаға тез қайта оралуы мүмкін екенін көрсетеді. Сондықтан алдағы күндер сөзсіз раллидің жалғасуымен емес, керісінше деэскалацияның, жеткізу логистикасының және инфляцияға қатысты қазіргі күтулердің қаншалықты тұрақты екенін неғұрлым сақтықпен қайта бағалау кезеңі болмақ.

Кратковременное открытие Ормузского пролива

Суда, оснащенные системой AIS и проходящие через проход.

■ Пересечение Ормузского пролива судами с востока на запад. ■ С запада на восток



Источник: Bloomberg

Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің сан алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбас бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында

қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.